

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ:** Ересек «Күн сәулелері» тобы

**Балалардың жасы** 4 жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2022-2023 оқу жылы

**Қараша айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> . 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу.</b> 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру;</p> <p><b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.</p> <p><b>Аяққа арналған жаттығулар</b> Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп,</p>

	<p>шешу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</b> Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту, ызаң және үнді дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру</p> <p><b>Сөздік қор</b> Сөздік қорды ересектердің мамандықтарымен білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін зат есімдермен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде айта білуге дағдыландыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға дағдыландыру.</p>
Көркем әдебиет	<p><b>Шығармашылық сөйлеу іс – әрекеті</b> Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b> жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолдануға дағдыландыру.</p> <p><b>Оқу әңгімелеу</b> Оқылған шығармаларды мазмұндай білуге дағдыландыру</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
Математика негіздері	<p><b>Жиын</b> заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p><b>Сан, санау</b> «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шама</b> екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру</p>

	<p>нәтижелерін ұзын-қысқа</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Геометриялық пішіндерді ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b> Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b> Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Бала және оның отбасы, үйі</b> Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Заттар әлемі</b> Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Жол ережелері</b> Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарының құрылысы</b> Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Қағаз құрылысы</b> орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</b> тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b> құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;</p>
Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу</b> киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Сюжетті сурет салу</b></p>

	<p>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p><b>Сәндік сурет слу</b> Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Мүсіндеу	<p><b>Заттық мүсіндеу</b> Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу</b> Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру</b> Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.</p> <p><b>Сюжетті жапсыру</b> Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b> Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Әртүрлі сипаттағы, қарқындылығы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p><b>Билер:</b> Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p>